Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Жаңаталап» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

«17» қараша 2023 жыл

Қатысқаны: 8(оның ішінде 6 қамқоршылық кеңес мүшелері, 2 балабақша әкімшілігі)

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Жаңаталап» бөбекжай-балабақшасын» мемлекеттік аттестаттау туралы.

**Тыңдалды**: 2024 жылдың 22-26 қаңтар айында бөбекжай-балабақшада кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігі туралы.

Сөз алды: Қамқоршылық кеңес төрайымы Амирханова Мәдинә отырысты ашып,балабақша меңгеруші Ж.Утебаеваға сөз берді.
Меңгеруші өз сөзінде 2024 жылдың қаңтар айында бөбекжай-балабақшада кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігін хабарлап, 2023 жылдың 13 қарашасындағы «Жаңаталап» бөбекжай-балабақшасының» бұйрығымен таныстырды.Бөбекжай-балабақшада өзін-өзі бағалау жоспары жасалынып,мерзімі белгіленді.Осы бағытта комиссия мүшелері құрылды. Комиссия құрамына әкімшілік және бөбекжай-балабақша педагогтары кірді. Бөбекжай-балабақша меңгерушісі Ж.Утебаева Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңының 5-бабының 9-тармағына,59-баптың 3,4 тармақтарына және «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарына» тоқталды.Жауапты комиссия мүшелеріне тапсырмалар берілгендігін,өзін-өзі бағалау құжаттарын 2023 жылдың 22 желтоқсаннан кешіктірмей тиісті орынға тапсыру қажет екендігін атап өтті.

Қамқоршылық кеңес шешімі:

Бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалауға дайындық жұмыстары "жақсы" деп танылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы : Әмірханова М.

Хатшысы : Сексенбаева А.